

государственные закупки; операции с земельными участками; сбор налогов; назначение на ответственные посты в органах государственной власти [8, с. 401].

Таким образом, коррупция - это сложное социальное явление, которое выражается в действии или бездействии должностного лица, государственного органа или частного учреждения против государственных или общественных интересов взамен полученным материальным ценностям, личным выгодам или оказанным услугам.

1. «Обращение к молодежи Казахстана о нетерпимости к коррупции» от 06.11.2008 //http://sim.kz/?p=713

2. О Концепции правовой политики Республики Казахстан на период с 2010 до 2020 года. Указ Президента Республики Казахстан от 24 августа 2009 года № 858 «Казахстанская правда» от 27.08.2009 г., № 205 (25949)// Егемен Қазақстан. - 2009 г. - 28 августа. - №281-283.

3. Основы противодействия коррупции: учебное пособие. Под ред. И.И.Рогова. Алматы, 2004

4. Миндагулов А.Х. Лоббизм как скрытая форма коррупции // Сборник материалов международной научно-практической конференции на тему «Успешное противодействие коррупции - важнейшее условие дальнейшего устойчивого развития и экономического процветания Казахстана». – Астана, 4 ноября 2010. – С. 48.

5. Как бороться с коррупцией. ОБСЕ. Управление экономической и природоохранной деятельности. - Вена, 2004.

6. Де Ла Парте Франциско Паскуаль. Борьба с коррупцией на государственной службе и этика государственных служащих // Актуальные вопросы борьбы с коррупцией и соблюдения служебной этики государственными служащими РК. – Астана, 2004.

7. Борьба с коррупцией в государственных органах Республики Казахстан: учебное пособие. под ред. Е.О. Алауханова. – Алматы, 2008.

8. Омиржанов Е.Т., Жапаков С.М. Участие суверенного Казахстана в осуществлении Целей развития тысячелетия ООН: сборник докладов конференции, посвященной 20-летию Государственной независимости РК, 27 апреля 2011 г. / МОиН РК, КазНПУ им. Абая. - Алматы, 2011. - 672 с.

\*\*\*

Аталған мақалада жемқорлық түсініктемесі қауіпті қоғамдық құбылыс ретінде қарастырылып, жалпы теориялық қағидалар мен оның формалары қарастырылды.

\*\*\*

This article examines main theoretical concept of corruption as one of the most dangerous social phenomena, and its shapes.

*Ч.М. Рсалин*

## **СОТ ТӨРЕЛІГІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ КЕЗІНДЕГІ СУДЬЯЛАРДЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІНІҢ ЖӘНЕ ИММУНИТЕТІНІҢ ПРОБЛЕМАЛАРЫ**

Сот билігі өзінің тәуелсіздігіне және тек қана заңға ғана бағынуына байланысты мемлекеттік механизмде ерекше орын алып отыр. Судьялар сот билігін жүзеге асырушы тұлғалар ретінде бірқатар нормативтік актілермен, оның ішінде ҚР Конституциясымен және конституциялық заңдармен айқындалған арнайы мәртебеге ие.

Судьяның мәртебесінің элементтерінің бірін және оның кәсіби қызметінің маңызды кепілін бекітетін, судьяға тиіспеушілік жайлы конституциялық қағида, биліктің үш тармаққа бөлінуімен сот билігінің дербестігі мен тәуелсіздігімен байланысты конституциялық құрылымның негіздерін қамтамасыз етуге бағытталған. Судьялық иммунитет судьялық лауазымды иеленіп отырған азаматтың жеке артықшылығы емес, сот төрелігінің мүдделерін қорғаудың құралы болып табылады. Сонымен қатар, судьялық жұмыстың ерекше тәртібі, жоғары кәсіби тәуекелділігі, судьяның әрекеттері мен шешімдеріне бақылаудың әртүрлі процессуалдық және ұйымдастырушылық құралдардың болуы есепке алынуы тиіс.

Судья өзінің қызметін өзгелердің ықпалынан тәуелсіз іске асыруы тиіс. Осы мақсаттарда ҚР Конституциясы судья лауазымына кандидаттарға қойылатын арнайы талаптарды және олардың тағайындалу тәртібін бекітеді, судьялардың ауыстырылмайтындығын, тәуелсіздігін, судьяларға ешкімнің тиіспеуін қамтамасыз етеді. Осындай регламентацияның болуы судьялардың құқықтық мәртебесін азаматтардың және ҚР Конституциясына сәйкес тиіспеушілікке ие лауазымды тұлғалардың мәртебесінің айырмашылығын конституциялық деңгейде көрсетеді.

Қазіргі таңда судьяны жауапкершілікке (азаматтық, қылмыстық, тәртіптік) тарту қиын, бірақ оның өзінде қоғамның санасында судьялық корпусстың қателіктері және кәсіби деңгейінің төмен болуы үйреншікті жағдайға айналды. «Қазақстан Республикасының Сот жүйесі мен судьялардың мәртебесі туралы» Конституциялық заңы және өзге нормативтік актілер арнайы нормаларды көздемейді. Заң шығарушы «кәсіби қателік», «сот қателігі» деген ұғымдарға қарым-қатынасын айқындаған жоқ. Қандай кәсіби қателіктер жауапкершілік туындатады және кім жауапкер болуы тиіс – мемлекет немесе судьялар ма деген сұрақта айқындық жоқ. Судьяның жауапкершілігі проблемасы

судьяның иммунитеті жайлы сұрақты шешумен байланысты, сондықтан бұл шетелдік және халықаралық заң тәжірибесін зерттеуге негізделген қосымша құқықтық реттеуді қажет етеді.

Осыған байланысты Судьялардың мәртебесі туралы Еуропа хартиясының 5.2 пунктін еске алу орынды болып отыр, ол бойынша судья өзінің қызметін регламенттейтін нормалардың өрескел бұзылуынан зиян келтірсе, онда мемлекет зиянның орнын сот арқылы толтыруын талап етуге құқылы. Өрескел қателіктің болуының талап етілуі, зиянның орнын сот арқылы толтыру процедураны айналып өтудің маңызды кепілін білдіреді. Сот органы істі өндіріске қабылдау туралы алдын ала келісім қосымша кепіл болып табылады [1].

Қоғамдағы жеке және жария мүдделердің тепе-теңдігін ұстап тұрудың шарты болып алдымен конституциялық нормаларды қатаң түрде сақтау болып табылады. Билік өкілдерінің (оның ішінде судьялардың) актілері үшін мемлекеттің жауапкершілігі режимі қазірше Қылмыстық және Азаматтық кодекстердің нормаларымен анықталған және қатаң шарттармен шектелген жағдайда, азаматтардың мүдделері толығымен тиімді қорғалмайды. Мемлекеттегі құқықтық тәртіптің тұрақтылығының мүдделері «Мемлекеттік органдардың құқыққа қайшы әрекеттері үшін (шешімдері) және сот төрелігі саласындағы лауазымды тұлғалардың қызметтік міндеттерін орындағанынан азаматтарға келтірген зиян үшін жауапкершілік туралы» заң қабылдау қажеттігін тудырады. Ол заңда мемлекеттің және судьялардың жауапкершілігінің шектерін және жағдайларын анықтау керек. Осыған ұқсас заң Италияда бар 1988 жылғы «Магистранттардың жауапкершілігі туралы» Заң деп аталады, бірақ мұнда жауапкершілік қатаң шарттармен шектелген [1].

Көптеген мемлекеттерде жауапкершіліктің белгілі бір механизмдері жасақталған. Мысалы, Францияда сот құрылымы туралы Кодекске сәйкес, сот төрелігін дұрыс емес іске асырғанның нәтижесінде келтірілген зиянды мемлекет өтейді. Бірақ та әрекеттеріне шағым түсірген жәбірленуші судья немесе алқалы орган өрескел қате жіберсе немесе сот төрелігі қызметіннен бас тартса осы жауапкершілік туындайды. АҚШ-та және Ұлыбританияда лауазымды тұлғаның жеке азаматтық жауапкершілігі судьялардың және квазисоттық лауазымды тұлғалардың иммунитетіне жол берді. Сондықтан жеке жауапкершіліктің компенсациялық қызметі тиімді түрде іске асып отырған жоқ. Судьялардың «дұрыс емес» әрекеттерінің нәтижесінде келтірілген шығынның орнын толтыру конституциялық, статустық және жалпы құқықтың, сонымен қатар әкімшілік ережелердің қағидаларына негізделеді. Федералдық судьяларға талап арыз тек қана федералдық құқықтың негізінде және федералдық соттарға беріледі. XX ғасырдың басында судьялық иммунитет жайлы американдық заңнама ағылшын прецеденттерінен тыс дами бастады.

Абсолюттық иммунитет сот қызметтеріне жақын (заңшығарушыларға, Бас атторнейге, айыптаушыларға) қызметті атқратын судьяларға және квазисоттық лауазымды тұлғаларға берілді, бірақ мынадай шарт болған, егер олар қызметтік құзыреттің шеңберінде әрекет жасаған жағдайда. Соттық және квазисоттық лауазымды тұлғалар құзыреттік шеңберден асып кетсе иммунитет таратылмайды, бірақ та мұнда да жауапкершіліктен жалтаруға мүмкіндік бар. Судьяларға, полицейлерге, айыптаушыларға қарсы арыздануға және оны қолдауға талапкерлердің экономикалық жағдайлары, олардың мәдениет деңгейі көбіне жете бермейді [1].

Судьялар жататын шектеулі тұлғалар тобына қатысты қылмыстық жауаптылықтың туындауына белгілі бір кедергілердің орын алуы жалпыға мәлім. Қылмыстық құқық теориясында қылмыстық жауаптылықтың туындауының осындай ерекше түрі «судьялық иммунитет» деп аталады. Судьяларды қылмыстық жауаптылыққа тарту үшін соңғыларының иммунитетінің маңызы жайлы сұрақ түбегейлі түрде маңызды, өйткені ҚР ҚК-нің 350-бабы бойынша жауаптылық осындай иммунитетті еңсергеннен кейін ғана туындайды. Алғашында жалпы ұғымына көңіл аударайық. Әдебиетте қылмыстық-құқықтық иммунитет «белгілі бір тұлғаларға құқықбұзушылық үшін жауапкершіліктің, оларды жауапкершіліктен босатуды қоса алғанда, жауаптылыққа тартудың жалпы ережелерінің қолданылмауы», [2, 23б.] немесе «заңда көрсетілген арнайы тұлғаларға қатысты қылмыстық жауаптылықтың туындау тәртібін (жалпы қабылданған тәртіптен ерекше) реттейтін айрықша ережелердің жиынтығы» [3, 7-8б.]. Айта кету керек: кейбір сәйкессіздіктерге қарамастан, теорияда қылмыстық-құқықтық иммунитеттің табиғаты бір мағыналы түсінікке сәйкес келді.

Қылмыстық жауаптылықтан қандай-да бір иммунитеттің болуы, ешбір жағдайда іс-әрекетті декриминализацияламайтыны сөзсіз. Жасалған қылмыс (зерттеліп жатқанды қоса алғанда) сондай болып қала береді, ал қылмыстық жауаптылықтың туындау ерекшеліктері, заңда көзделген қандай-да бір кедергілердің болуында көрініс табады. Қазақстандық заң шығарушы «Сот жүйесі және судьялардың мәртебесі туралы» Конституциялық заңның 27-бабында тек қана сот төрелігін іске асырумен байланысты емес, судьяның кез-келген іс-әрекетіне оны таратып, судьяның иммунитетінің көлемін ұлғайтты.

Өкінішке орай, судьялардың иммунитеті қылмыстық заңның мәртебесінде көрініс тапқан жоқ. ҚР Конституциясының 79-бабының 2-бөлігіне және 2000 жылғы 25 желтоқсанындағы «Қазақстан Республикасының Сот жүйесі мен судьялардың мәртебесі туралы» Конституциялық заңының 27-бабына сәйкес, судьяларға ешкім тиіспейді, және осы тиіспеушіліктің қылмыстық-құқықтық аспектісі, оларды заңмен көрсетілген тәртіптен басқа қылмыстық жауаптылыққа тартылмайтындығында тұжырымдалып отыр.

Судьялардың иммунитеті «ҚР Сот жүйесі және судьялардың мәртебесі туралы» Конституциялық заңның 27-бабында нақтыланған. Біріншіден, судья сот төрелігін іске асыруда айтылған пікір және қабылданған шешімі үшін, егер заңды күшіне енген сот үкімімен оның қылмыстық теріс пайдаланушылығында кінәсі анықталмаса, кез-келген жауаптылыққа (оның ішінде қылмыстық) тартылмайды.

Екіншіден, судьяға қарсы кез-келген қылмыстық істі қозғау, сонымен қатар қылмыстық жауаптылыққа тарту Жоғарғы Сот кеңесінің қорытындысына негізделген ҚР Президентінің келісімі, ал Конституцияның 55-бабының 3) тармақшасында белгіленген жағдайда, ҚР Парламенті Сенатының келісімі болған жағдайда мүмкін. Судьяға қарсы қылмыстық істі ҚР Бас Прокуроры қозғай алады.

Осылайша, судьялар, ҚР ҚК-нің 350-бабы бойынша қылмыс субъектісі бола тұра, заңмен белгіленген тәртіпте қылмыстық-құқықтық иммунитетті еңсерген жағдайда қылмыстық жауаптылыққа тартылады. Судья ол факті бойынша жасаған қылмысы бойынша қылмыстық-құқықтық қатынастың субъектісі бола тұра, процедуралық тұрғыда иммунитетті еңсергеннен кейін ғана жауапкершілікке тартылуы мүмкін.

Алдында айтылғандай, судьяларға қылмыстық жауаптылықтың туындауының жалпы тәртібінің таратылмаудың басқа маңызы бар. Судьяның иммунитеті еңсерілмеген жағдайда, ондай судья ҚР ҚК-нің 350-бабы бойынша (сонымен қатар қылмыстық заңның кез-келген бабы бойынша) қылмыстық жауаптылықтан босатылады. Басқа сөзбен айтқанда, іс-әрекеттің қылмыстылығын жоймайтын судьялық иммунитеттің болуы, судья қылмыстық жауаптылықтан босатылуға жататын жағдайды көрсетеді (өйткені, иммунитетті еңсеру жалпы негіздер бойынша қылмыстық жауаптылықтың туындауына жол береді).

Әдебиетте иммунитет болған жағдайда қылмыстық жауаптылықтан босатудың регламентациясының бірыңғай идеясы айтылған болатын. Авторлардың пікірінше, осындай қылмыстық-құқықтық нормада келесідей сәттер орын алуы тиіс:

- тұлға, құқықтық нұсқаманың күшіне орай иммунитетке ие;

- иммунитет белгіленген тәртіпте еңсерілуі міндетті, оның себебі жалпы негіздер бойынша қылмыстық жауаптылықтың туындауы болады;

- иммунитеттің әрекет ету уақыты тұлғаның арнайы статусының болуына байланысты, яғни, ондай мәртебенің жоғалуы – иммунитеттің жоғалуын білдіреді [4, 356.].

Судьяның арнайы (иммунитеті) мәртебесі «ҚР Сот жүйесі және судьялардың мәртебесі туралы» Конституциялық заңға сәйкес бірнеше негіздер бойынша күшін жояды: судьяның орнынан түсуі, басқа жұмысқа ауысуы және тағы басқа (34-бап). Судьяларда иммунитеттің болуы қылмыстық жауаптылықтан босатудың ақтамайтын негізі болып табылғандықтан қылмыстық жауаптылыққа тартудың ескіру мерзімін және судьялық иммунитеттің арақатынасы жайлы сұраққа ерекше тоқталу керек. Қылмыстық кодекстің 69-бабының 2-бөлігіне сәйкес ескіру мерзімі қылмыс жасаған күннен бастап және сот үкімі заңды күшіне енген кезге дейін есептеледі. Тұлға жаңа қылмыс жасаса, әрбір қылмыс бойынша ескіру мерзімі өз бетімен, дербес жүріп отырады [5, 259б.].

Қылмыстық жауаптылыққа тартудың ескіру мерзімі «қылмысты жасау сәтінен, тұлғаға айып таққанға дейін есептеледі». Тек қана Қылмыстық кодекстің 69-бабында көрсетілген уақыт арасында тұлғаға айып тағуға болады. Әрекеттің заңи бағасы оны жасаудың сәтіне қатысты беріледі (ҚР ҚК-нің 4-бабы). Судьяның ерекше заңи мәртебесін жоғалтуына байланысты иммунитеттің қолданылуының тоқтатылуы (судьяның орнынан түсуі және т.б.) ескіру мерзімін ескерген жағдайда қылмыстық жауаптылықтың туындау мүмкіндігін білдіреді. Тек қана бұл мерзімнің өтуі қылмысты және қылмыскерді «ақтайды». Иммунитеттің болуына байланысты жауапкершіліктен босату, тұлғадан әрекеттің барлық құқықтық зардаптарын алып тастайтын түпкілікті шешім болып табылмайды.

Әділеттілік қағидасына байланысты, «бір қылмыс үшін ешкімді де қайталап қылмыстық жауапқа тартуға болмайды» (ҚР ҚК-нің 3-бабы). Ескіру мерзімі тек қана процессуалдық қылмыстық жауапқа тартуға әсер етеді. Қылмыстық жауаптылықтан босату – қылмыстық құқық қатынастарын іске асырудың ерекше нысаны. Қылмыстық жауапқа тартудың ескіру мерзімі алдында тоқтатылған құқықтық қатынастардың қайта басталуына әсер етуі мүмкін [6, 10-11 б.б.]. Олар заңи маңызы бар

мән-жайларға байланысты қайта басталуы мүмкін. Соңғысы, судьяның қылмыстық-құқықтық иммунитетін еңсеру болып табылады.

1997 жылғы ҚР ҚІЖК-нің 11-бөлімінде судьяларға қатысты қылмыстық іс жүргізу ерекшеліктерін реттейтін, судьяларға қатысты қылмыстық іс қозғаудың ерекше тәртібін және қылмыстық істі сотқа жіберудің, сонымен қатар оларға қатысты мәжбүрлеу шараларын және оларды айыпталушы ретінде тартудың процедуралық ережелері көзделген баптар алғаш пайда болды.

ҚІЖК-нің аталған бабымен көзделген құқықтық ерекшеліктердің көп саны, қылмыстық істі тергеу барысында арнайы іс жүргізушілік нормаларын бұзу, істің тоқтатылуына әкеп соғып, немесе сот ақтау үкімін шығаруға себеп болып, осындай құқық қолданушыдан оларды мұқият зерттеуді және сақтауды талап етеді.

Иммунитет берілген тұлғаларды қылмыстық жауапқа тартудың тәжірибесі, әрекеттері өзінің қызметтік міндеттерін тиісінше орындамаумен және осындай істерді қозғауда, оларды тергеуде және істі қарау үшін сотқа жібергенде тергеушілер мен прокурорлар жіберетін қателіктерге байланысты айыпталушылардың кінәлілігін дәлелдеумен байланысқан елеулі қиындықтар жайлы куәландырады.

Судьяны қылмыстық жауапқа тартудың ерекше тәртібі қатаң регламенттеуге қарамастан, тергеу барысында өзге проблемалардың туындауына әкеп соғуы мүмкін, мысалы, прокурордың ұсынысын қараудың 1 айлық мерзімін бұзу, оған қатысты ұсыныс енгізілген судьяның және оның адвокатының судьяның әрекеттерінде қылмыс белгілері бар немесе жоқтығы мәселесі шешілетін сот отырысына келмеуі (ҚР ҚІЖК-нің 498-бабы).

Прокурордың ұсынысын қарау нәтижесі бойынша Жоғарғы Сот кеңесі судьяның әрекеттерінде қылмыс құрамының бар немесе жоқтығы жайлы қорытынды беруі тиіс.

Судьяның әрекеттерінде қылмыс құрамы бар деген Жоғары Сот кеңесінің қорытындысының болмауы, қылмыстық іс қозғалмайтындығын білдіреді, ал қозғалған іс тоқтатылуға жатады (ҚІЖК 37-бап).

Прокурор өзінің ұсынысында көрсеткен тұлға үшін Жоғарғы Сот кеңесінің шешімінің маңызды екені осыдан көрініп отыр, сондықтан заң шығарушы ұсынысты айыпталушы және оның адвокатымен қарастырылу керек екендігін алдын ала көздеп қойған. Прокурордың ұсынысын қарауда сот отырысына судьяның өзінің және оның қорғаушысының (дәлелді себепсіз) қатыспауы осындай қарауға кедергі болмайды. Тура осылай, мысалы, анықтаушының, тергеушінің, прокурордың қылмыстық істі қозғаудан бас тарту немесе қылмыстық істі тоқтату туралы қаулыларына жасалған шағымдарды соттың қарауы жағдайларына бұл анықталған болып табылады (ҚР ҚІЖК-нің 107-бабы).

Жоғарыда айтылғанның негізінде судьялардың қылмыстық-құқықтық иммунитетінен шығатын судьяларға қатысты іс қозғау және жүргізудің іс жүргізушілік ерекшеліктерін бөліп шығаруға болады.

1. ҚР ҚІЖК-нің 498-бабының 3-бөлігіне сәйкес судьяны қылмыстық жауапқа тартуға, қамауға алуға, мәжбүрлеп келтіруге келісім алу үшін ҚР Бас Прокуроры ҚР Президентіне, ал Конституцияның 55-бабының 3) тармақшасында көзделген жағдайда – ҚР Парламенті Сенатына ұсыныс енгізеді. Ұсыныс судьяға айып тағу, қамауға алуға санкция беру, судьяны қылмыстық ізге түсу органына мәжбүрлеп жеткізу қажеттігі туралы мәселені шешу алдында енгізіледі.

2. Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексінің 117-бабының талаптарын осылай бұзу одан шығатын іс жүргізушілік зардаптарымен қоса, сотталушыға тағылған айыпты дәлелденбеген деп тануына әкеп соғуы мүмкін.

3. ҚР ҚІЖК-нің 103-бабы қылмыстық сот өндірісінің қатысушылары соттың әрекетіне (әрекетсіздігіне) және шешіміне Кодекспен көзделген тәртіппен шағымдана алады. ҚР ҚІЖК-нің 112-бабының 1-бөлігіне сәйкес қылмыстық іс бойынша сотқа дейінгі іс қарау барысында қабылданатын сот шешіміне шағымдар мен ұсыныстарға шағымдану тәртібі ҚР ҚІЖК-нің 46, 47, 50, 51 тарауларымен сәйкес жүзеге асырылады.

1. <http://www.portals.ru/models/russianlaw/rus>

2. Наумов А. Иммунитет в уголовном праве. // Уголовное право. – 1998. - №2. - 23 с.

3. Кибальник А.Г. Иммунитет в уголовном праве. – Ставрополь, 1999. 7-8 с.

4. Кибальник А. Иммунитет как основание освобождения от уголовной ответственности // Российская юстиция. – 2000. - №8. - 35 с.

5. Ағыбаев А.Н. Қылмыстық құқық. Жалпы бөлім. - Алматы, Жеті Жарғы, 2007. – 360 бет.

6. Наумов А. Правовые последствия освобождения виновного от уголовной ответственности // Советская юстиция. - 1976. - № 20. 10-11 с.

\*\*\*

В статье раскрывается сущность ответственности и иммунитета судей, показывается потребность в совместном их изучении. Актуальность данной темы не вызывает сомнения, поскольку, судьи являются гарантом защиты прав, свобод и

законных интересов граждан и организации. Автор указал, методы преодоления иммунитета судей для привлечения их к ответственности. Немаловажным является и то, что необходимо усовершенствовать законодательство в этой сфере.

\*\*\*

The article reveals the essence of liability and immunity of judges, shows the need for a joint study of them. The relevance of this topic is beyond doubt, because the judges are the guarantors of rights, freedoms and lawful interests of citizens and organizations. The author pointed out, the methods to overcome their immunity of judges to bring them to justice. It is also important and what is necessary to improve legislation in this area.

*А.К.Мухамедова*

## МЕМЛЕКЕТТІК (СОТТЫҚ ЕМЕС) САРАПТАМАНЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘРТЕБЕСІН АНЫҚТАУДЫҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ

Қазақстан Республикасы Конституциясының 1-бабына сәйкес, мемлекеттің басты құндылығы – адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары болып танылады [1]. Қазіргі таңда әрбір адам аталған құқықтары мен заңды мүдделерін заңмен тыйым салынбаған кез келген әдіспен қорғай алады. Әрине, көбіне азаматтар өз құқықтарын қорғауды сот өндірісі арқылы жүзеге асырады. Аталмыш құқықтар мен мүдделерді жүзеге асырудың бір нысаны ретінде біз, сот сараптамасын айтамыз. Себебі, дәл осы сараптама арқылы тұлғаның жасалған қылмысқа қатыстылығын, оның кінәсіз немесе кінәлі екендігіне көз жеткізуге болады. Қаншалықты қоғамның техника жағынан қамтылғанына қарамастан, сот сараптамасы ақ пен қараны ажырата алатын жалғыз өндіріс деп санаймын. Біз, үнемі сот сараптамасы дегенде, ойымызға соттық емес сараптама, былайша айтқанда мемлекеттік сараптама деген сөз келмейді. Себебі, мемлекеттік сараптама туралы біз көп біле бермейміз. Жалпы сараптама өте кең таралған ұғым, себебі адам өмірінің кез келген тәжірибелік қызметінде кездеседі. Әрине, бұл оның қаншалықты маңызды екендігін көрсетеді.

ҚР Сот сараптамасы туралы 1997 ж. 12 қарашадағы Заңына сәйкес, сот сараптамасы - шешілуі үшін маңызы бар жағдаяттарды белгілеу мақсатында, арнаулы ғылыми білім-білік негізінде жүргізілетін қылмыстық, азаматтық немесе әкімшілік істердің материалдарын зерттеу болып табылады [2]. Аталған заңда тек сот сараптамасы туралы, оны жүргізу тәртібі мен негізгі шарттары жөнінде айтылған. Алайда, онда жалпы соттық емес сараптама туралы сөз қозғалмаған. Бұл дегеніміз, мемлекеттік сараптама әлі күнге дейін толық мәні ашылып, анықталмады. Сонымен, «соттық емес сараптама» және «сот сараптамасы» арасында қандай айырмашылық бар деген заңды сұрақ туындайды? Сараптама – кең ұғым. Сот сараптамасы – сараптаманың бір түрі болып саналады. Енді соттық емес сараптаманың мәнін ашайық.

Соттық емес сараптама – сот өндірісінен тыс пайдаланылатын арнаулы білімді қолданудың ерекше нысаны. Мұндай сараптаманың соттық сараптамадан айырмашылығы, оны жүргізуде – процессуалдық нысан қарастырылмаған. Яғни, соттық емес сараптама қылмыстық іспен байланысты емес жағдайларда да қолданылады. Қазіргі жағдайда соттық емес, яғни мемлекеттік сараптама кең өріс алуда. Себебі, мұндай сараптамалар адам өмірінің барлық қызметінде қолданылады. Мемлекеттік сараптаманың болуы, зерттеу сараптамаларының қолдану аясы кеңеюі себебі болып табылады. Мұндай сараптама, әрине, дәлелдеме күшіне ие емес, сондықтан оны тағайындау және жүргізу тәртібі, сот сараптамасына қарағанда неғұрлым жеңіл.

Соттық емес сараптама – адамның қорғану құқығын жүзеге асырудың бір нысаны болып табылады, себебі айыпталушы және оның заңды өкілі келісімге келіп, яғни ақысын өз қаражаты есебінен төлеп, балама түрде сарапшыны шақыра алады. Соттық емес сараптама процессуалды тәртіп тәріздес, сарапшының қорытындысымен бекітіледі. Егер мұндай қорытындының нәтижесі қолданыстағы заңның ережелеріне сәйкес келмейтіндігі анықталса, бұл қорытынды қылмыстық істі қозғауға түрткі болуы мүмкін. Бірақ, оны іс материалдарына сол түрде (сот сарапшысының қорытындысы ретінде) тіркеуге болмайды. Өзінің процессуалдық мәні бойынша соттық емес сараптаманың қорытындысы – ҚР ҚДЖК-нің 123-бабына сәйкес, өзге құжаттар ретінде танылуы мүмкін [3]. Осыған орай, мемлекеттік сараптама қозғалған қылмыстық іс бойынша сот сараптамасына «бәсекелестік» білдіруі мүмкін.

Соттық емес сараптама екіге бөлінеді: мемлекеттік (ведомствалық) және жеке. Жеке сараптаманы көбіне келісім негізіндегі немесе балама деп те атайды. Көбіне жеке сараптама белгілі бір тұлғалардың сұраулары бойынша және ақылы түрде жүзеге асырылады. Ал мемлекеттік сараптамаға келер болсақ, бұл мемлекеттік органдармен жүзеге асырылатын сараптаманың бір түрі. Мысалы, ҚР Үкіметінің 1996 жылғы 24 қаңтардағы №88 қабылданған қаулысына сәйкес, құрылыс министрлігінің